

Ю.А.Гагарин атындағы мектеп – лицейінің асханасында бракераждық комиссияның жүргізген тексеру рейдтің № 8 хаттамасы

Өткізілген күні 23.11.2023ж

Қатысқандар:

Тусупова Г.А. – мектеп директоры, комиссия төрағасы
Махмутова Ш.М. – ДТЖО, комиссия мүшесі
Сулейменова С.Т. – медбике, комиссия мүшесі
Елеубекова К.М. – ата – аналар комитетінің өкілі, комиссия мүшесі
Құрманбаева А.З – қамқоршылық кеңесінің төрағасы, комиссия мүшесі
Есембекова А.С. – әлеуметтік педагог
Игликова А.Е. – хатшы.

Күн тәртібінде:

1. Мектеп асханасының санитарлық жалпы жағдайы, асхана қызметкерлерінің жұмысы туралы.
2. Білім алушылардың бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылуын қадағалау.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектептің медицина қызметкері мектепте асхана жұмысын таңертеңгі сағат 9-00-ден кешкі сағат 18-00-ге дейін жасайды. Асхананың санитарлық жағдайы нормаға сай. «Асхана ереже бұрышы» ұйымдастырылған. Ең негізгі құжаттардың бірі – күнделікті мәзір. Мәзір белгіленген талапқа сай күнделікті дайындалып отыр. Шикізат пен дайын тағамдардың жағдайына күнделікті бақылау жүргізіліп отыратындығын, асхананың санитарлық жағдайы, аспаздардың сыртқы киім үлгісі (ақ халат), барлық талаптарға сай. Ыдыстармен қамтылуы және ыдыс жуатын бөлменің жай күйі қанағаттанарлық деңгейде. Асхана қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған. Тамақтың тәуліктік сынамасы нормаға сәйкес қадағаланып тұрады. Асхана қызметкерлерінің медициналық сараптамадан өткені, кітапшаларының мерзімі тексерілді. Шағымдар мен ұсыныс журналы жүргізіледі.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша оқу жылына арналған оқушыларға ыстық тамақ белгіленген талапқа сай беріледі. Білім алушылардың тұтынуына рұқсат етілмейтін тағамдарды (газдалған су, чипсы, энергетикалық сусындар, сағыз, құрамында консерванттар бар тағамдар) сатпайды және тұтынбайды. Жалпы асхананың санитарлық жағдайы аспаздардың сырт киімі санитарлық талаптарға сай. Бастауыш пен жоғары сыныптардың тамақтану мерзімі қойылып, ережесі сақталған. Аз қамтылған отбасы балаларының тегін тамақтандыру сапалы әрі дұрыс қамтамасыз етілген.

Қол қойғандар:

Мектеп директоры, комиссия төрағасы

ДТЖО, комиссия мүшесі


Медбике, комиссия мүшесі

Ата – аналар комитетінің өкілі, комиссия мүшесі

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, комиссия мүшесі

Әлеуметтік педагог

Хатшы

 Тусупова Г.А.
Махмутова Ш.М.
Сулейменова С.Т.
Елеубекова К.М.
Құрманбаева А.З
Есембекова А.С.
Игликова А.Е.